

## Жол құрылышында резенке үгінділерді қолдану бойынша ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің 2008 жылғы 17 қыркүйектегі № 76 бұйрығы.

1 "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы ("ҚазжолФЗИ"  
А.К.)

Ә З И Р Л Е Д И

2 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті

ЕҢГІЗДІ

3 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің "17" 09 2008 жылғы №63 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ АСЫРЫЛДЫ**  
ЖҮЗЕГЕ

4. АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2013 ж.  
5 жыл

### 5. АЛҒАШ РЕТ ЕҢГІЗІЛДІ

КЕЛІСІЛДІ:

ҚР денсаулық сақтау министрлігінің

Республикалық СЭС

06.03.2008 жылғы № 11-02/8-958 хаты.

### Kіріспе

Асфальт-бетонды жамылғының қалдық пішінсізденуі мен температуралық құбылуарға сезімталдығын азайтатын, көлік қозғалысынан туындайтын тербеліс деңгейін төмендететін, материалдың жұмыс қабілеттілігінің температуралық интервалын кеңейтетін резенке үгінділермен түрлендіру оның пайдаланымдық қасиеттерін арттырудың тиімді тәсілі болып табылады.

Жол құрпылышында резенке үгінділерді қосымша композициялық шикізат ретінде қолдану ішінара битумды үнемдеу мәселесін, тозған резенке-техникалық заттарды қажетке жарату және оған байланысты туындайтын қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық проблемаларын шешеді.

Әзірленген ұсынымдарда резенке үгінділерге, асфальт-бетонды және шағылтас-шайырлы асфальт-бетон қоспаларына, асфальт-бетонға, шағылтас-шайырлы асфальт-бетонға, сол сияқты оларды өндіруге арналған материалдарға қойылатын

техникалық талаптар туралы мәліметтер қамтылады. Ұсынымдар тұтқырғыштар мен асфальт-бетондардың құрамын дұрыс ірікеп алуға мүмкіндік береді, онда сапасын тексеру, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау жөнінде нұсқаулар берілген.

Ұсынымдарда РБТ негізінде кедір-бұдырды беттік өндеу жүргізудің технологиялық ерекшеліктері мен сапасын тексеру бойынша нұсқаулар ескерілген.

## Жол құрылышында резенке үгінділерді қолдану бойынша ҰСЫНЫМДАР

### 1 Қолданылу саласы

Осы ұсынымдар резенке үгінділерді жол құрылышында: жамылғының жоғарғы қабаттарын төсеу үшін қолданылатын асфальт-бетонды және қолданыстағы құрылыш нормалары мен ережелеріне сәйкес [1-5] III-V жол-климаттық аймақтар жағдайындағы автомобиль жолдарында кедір-бұдырлық беттік өндеуді дайындауға арналған резенкелі-битумдық тұтқырғыштардың құрамында қолдануды нормативтік түрғыдан қамтамасыз етуге арналған.

РБТ негізіндегі асфальт-бетондарды I және III техникалық санаттағы автомобиль жолдары, қала көшелері, ұшу-қону жолақтар, магистральды менгерік жолдар мен көпірлер жамылғыларының жоғарғы қабаттарын төсеу кезінде қолдану ұсынылады (А қосымшасы).

### 2 Нормативтік сілтемелер

Осы құжатта мынадай стандарттарға сілтемелер жасалған:

ҚР СТ 1.5-2004 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Стандарттардың құрылымына, баяндалуына, рәсімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ 1025-2004 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Жол құрылышына арналған полимер-битумдық тұтқырғыштар. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1174-2003 Нысандарды қорғауға арналған ерт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 1212-2003 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1213-2003 Тығыз тау жыныстары мен өнеркәсіп өндірісі қалдықтарынан алынған құрылыш жұмыстарына арналған шағылтас пен қиыршықтас. Физика-механикалық сынау әдістері.

ҚР СТ 1217-2003 Құрылыш жұмыстарына арналған құмдар. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1218-2003 жол және аэроалаң құрылыштарына арналған органикалық негіздегі материалдар. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1221-2003 Асфальт-бетонды қоспаларға арналған минералды ұнтақтар. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1225-2003 Жолдың, аэроаланың асфальт-бетон қоспалары және асфальт-бетон. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1226-2003 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Ине сұғу тереңдігін анықтау әдісі.

ҚР СТ 1227-2003 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Сақина және шар бойынша жұмсару температурасын анықтау әдісі.

ҚР СТ 1229-2003 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Фраас бойынша морттылық температурасын анықтау әдісі.

ҚР СТ 1276-2004 Асфальт-бетонды және органикалық минералды қоспаларға арналған минералды ұнтақ. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1284-2004 Құрылым жұмыстарына арналған тығыз тау жыныстарынан алынған шағылтас пен қиыршықтас. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1373-2005 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Жолдың мұнайлы тұтқыр битумдары. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1374-2005 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Созылмалылығын анықтау әдісі.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағы ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі.. Зиянды заттар. Қауіпсіздіктің жіктемесі мен жалпы талаптары.

ГОСТ 12.1.014-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі.. Жұмыс аймағы ауасы. Зиянды заттардың шоғырлануын индикатор тұтікшелермен өлшеу әдістері.

ГОСТ 12.1.044-89 (ИСО 4589-84) Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Заттар мен материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатуrasesы мен оларды анықтау әдістері.

ГОСТ 12.4.010-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке қорғаныш құралдары. Арнаулы қолғаптар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмысшылардың қорғаныш құралдары. Жалпы талаптар мен жіктемесі.

ГОСТ 12.4.013-85 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Қорғаныш көзілдіріктері. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ 12.4.026-2002 Дабылдық түстер, қауіпсіздік белгілері және дабылдық белгілемелер. Жалпы техникалық шарттары және қолдану тәртібі.

ГОСТ 12.4.032-77 Көтерілген температура әсерінен қорғауға арналған үсті былғары арнаулы аяқ киімдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.034-85 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тыныс алу ағзаларын жеке қорғау жүйесі. Жіктемесі мен таңбалануы.

ГОСТ 12.4.111-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнай және мұнай өнімдерінен қорғауға арналған ерлер костюмдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.112-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнай және мұнай өнімдерінен қорғауға арналған әйелдер костюмдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.137-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнай және мұнай өнімдерінен, қышқылдан, сілтілерден, улы емес және өртқауіпті тозандардан қорғауға арналған арнаулы бүлғары аяқ киім. Техникалық шарттар.

ГОСТ 15.309-98 Өнімді әзірлеу және өндіріске енгізу жүйесі. Шығарылатын өнімді сынау және қабылдау. Негізгі ережелер.

ГОСТ 17.1.3.05-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Беткі және жерасты суларын мұнай және мұнай өнімдерімен ластанудан қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 17.2.3.01-86 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендер ауасының сапасын бақылау ережелері.

ГОСТ 17.2.3.02-78 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Өнеркәсіп өндірістерінің рауалы зиянды заттар шығаруын болдырмау ережелері.

ГОСТ 17.4.3.04-85 Табиғатты қорғау. Жер қыртысы. Laстануын бақылау және қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 4333-87 Мұнай өнімдері. Ашық жерде тұтану және өздігінен оталу температурасын анықтау әдістері.

ГОСТ 8736-93 Құрылым жұмыстарына арналған құм. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18180-72 Мұнайлы битумдар. Қыздырғаннан кейін салмағының өзгеруін анықтау әдісі.

ГОСТ 19433-88 Қауіпті жүктөр. Жіктемесі мен таңбалануы.

ГОСТ 20799-88 Өнеркәсіптік майлар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 30108-94 Құрылым материалдары мен бұйымдары. Радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігін анықтау.

ГОСТ 31015-2002 Асфальт-бетонды қоспалар және шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон. Техникалық шарттар.

### **3 Анықтамалар мен қысқартулар.**

3.1 Осы ұсынымдарда мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылған:

**Асфальт-бетонды қоспа** – белгілі бір арақатынаста алғынған және қолданыстағы стандарттар талаптарына сәйкес келетін шағылтасты (қырышықтасты) құмды, жолдың мұнайлы битумын, түрленімдік және адгезиялық үстемелерді (немесе оларсыз)

араластырғыш қондырғыда қыздырылған күйде араластыру арқылы алынған жол-құрылым материалы.

**Асфальт-бетон** – нығыздалған асфальт-бетон қоспасы.

**Резенқе үгінді** – регенерацияланған шина резенкесінен және түрлі химиялық үстемелерден тұратын курделі көп құрамдас жүйе. Түйіршіктегі қисық, беті үлкен үзілген пішінді болады, үгіту соққысымен ұсақталады.

**Резенкелі-битумды тұтқырғыш (РБТ)** – ыңғайға жүретін материалдардың: жолдың мұнайлы битумы, регенерацияланған шина резенкелердің және іріктелген құрамның белгілі бір үстемелерінің қоспасы. Жолдың мұнайлы битумынан жоғарғы және төменгі температураларда жоғары серпімділік-иілімділік қасиеттерімен айрықшаланады (КР СТ 1212).

Ескерту – резенкелі-битумды тұтқырғыштарды беткі-белсенді заттар қосу арқылы, сол сияқты оларды қоспай да дайындауға рұқсат етіледі (КР СТ 1025).

**Шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон қоспасы (ШШАҚ)** – белгілі бір өлшеммен алынған және қыздырылған күйде араластырылған минералды материалдардың (шағылтас, ұсақтап елеуден қалған қалдық және минералды ұнтақ), жол битумының (полимерлі немесе басқа үстемелері бар немесе оларсыз) және тұрақтандыратын үстемелердің (немесе оларсыз) ұтымды түрде іріктелген қоспасы.

**Шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон (ШША)** – нығыздалған шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон қоспасы.

**Тұрақтандырғыш үстеме** – ШШАҚ-ны тұрақтандыруға ықпал ететін және оның қатпарлануға орнықтылығын қамтамасыз ететін заттар.

**Беткі-белсенді заттар** – фаза бөлімдері бетінде минералды материалдың бетімен беткі керу арқылы битум мен басқа тұтқырғыштардың ұстасу белсенділігін арттыруға арналған органикалық немесе бейорганикалық тұтқырғыштарға немесе қоспаларға қосылатын химиялық немесе полимерлі үстемелер КР СТ 1025.

3.2 Осы құжатта мынадай қысқартулар қолданылады:

ББЗ: беткі-белсенді заттар;

РБТ: резенкелі-битумды тұтқырғыштар;

КБӘ: кедір-бұдырлық беткі өндөу;

ШШАҚ: шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон қоспасы;

ШША: шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон;

ШРК: шектік рауалы концентрациясы;

ӘНКД: әсер етудің нысаналы қауіпсіздік деңгейі.

## 4 Техникалық талаптар

### 4.1 Жалпы ережелер

4.1.1. РБТ-ды дайындау екі тәсілмен жүзеге асырылады:

- бірінші тәсіл бойынша резенке үгінділерді қажетті концентрацияның ерітіндісін дайындау отыра, пластификаторда алдын ала ерітіп алады да, битумға қосады;
- екіші тәсіл бойынша РБТ-ның барлық құрамдастарын белгіленген құрамға сәйкес бір ыдыста бірыңғай масса болғанға дейін арнаулы қоспалаштырашта мәжүрлі араластыру қуралдарымен араластырады. Егер тұтқырғыштың құрамында пластификатор болса, оны битумға бірінші кезекте қосады да, үздіксіз араластыра отырып, қоспаға резенке үгінділерді үлестеп қосады.

4.1.2 Битумды іріктеуге, автожол салатын аймақтардың климаттық жағдайларын ескере отырып, резенкелі-битумды тұтқырғыштар мен асфальт-бетонды қоспаларды дайындау технологиясын қатаң сақтап, олардың негізінде резенкелі-битумды тұтқырғыштар мен асфальт-бетонды қоспалар құрамын таңдауға баса назар аудару қажет.

## 4.2 РБТ-ға қойылатын техникалық талаптар

4.2.1 Жол құрылышына арналған РБТ осы ұсынымдардың талаптарына сәйкес келуі керек және белгіленген тәртіппен бекітілген технологиялық режимге сәйкес дауындалуы керек.

4.2.2 РБТ жолдың мұнайлы битумы негізінде резенке үгінділер қосу арқылы даярланады.

4.2.3 РБТ пластификаторлар мен (немесе) беткі-белсенді заттар (ББЗ) қосу немесе қоспау арқылы даярланады.

4.2.4 РБТ-ды дайындау температурасы қысқа мерзім кезінде тез және бірыңғай араластыруды қамтамасыз ететін арнаулы құрылғыларды қолдана отырып, үздіксіз араластырган жағдайда 160 С-тан төмен және 200 °С-тан жоғары болмауы керек.

4.2.5 25 °С температурада ине сұғу терендігіне байланысты РБТ маныдай таңбаларға бөлінеді: РБТ 200/300, РБТ 130/200, РБТ 90/130, РБТ 60/90, РБТ 40/60.

4.2.6 Физика-механикалық көрсеткіштері бойынша РБТ 1-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі керек.

1-кесте

Көрсеткіш атаулары	Битумды-резенкелі тұтқырғыш таңбаларына арналған нормалар				
	РБТ 200/300	РБТ 130/200	РБТ 90/130	РБТ 60/90	РБТ 40/60
Ине сұғу терендігі 0,1 мм - 25 °С болған кезде - 0 °С болған кезде, кем емес	201-300 30	131-200 25	91-130 20	61-90 15	40-60 10
Жұмсару температурасы, °С, төмен емес	40	44	50	52	56
Мроттылық температурасы 0 °С, жоғары емес	-24	-22	-20	-18	-15
Созылыңқылығы 0 °С болған кезде, кем емес	1 5 22	1 0 18	8 14	6 12	4 10
Созылыңқылығы 25 °С болған кезде, кем емес					

Кыздырганнан кейін жұмсару температурасының өзгеруі, $^{\circ}\text{C}$ , артық емес	6	6	5	5	5
Серпімділігі $0^{\circ}\text{C}$ -пен алғанда, %, кем емес	30	30	30	30	30
Күммен ұстасуы	№1 және 2 үлгі бойынша ұстап тұрады				
Қиыршықтаспен ұстасуы	қанағаттанарлық				
Тұтану температурасы, $^{\circ}\text{C}$ , кем емес	250				
Біркелкілігі	біркелкі				

#### 4.2.7 Бастапқы материалдарға қойылатын талаптар

4.2.7.1 РБТ дайындау үшін ҚР СТ 1373 бойынша жолдың мұнайлы тұтқыр битумдарын қолданады.

4.2.7.2 Резеңке ұнтақ (ұнтақ немесе үгінді түрінде).

Резеңке үгінділерге қойылатын негізгі талаптар 2-кестеде келтірілген.

2- кесте

Көрсеткіштер атаулары	Нормалар
Корда (вискоза және капрон) талшығы қалдықтарының салмақтық үлесі, % артық емес	3,0
Судың үлестік самағы, %, артық емес	1,5
Торы 1,0 мм болатын елек арқылы еленген резеңкенің үлестік салмағы %, кем емес	100
Торы 0,63 мм болатын елек арқылы еленген резеңкенің үлестік салмағы %, кем емес	80
Кара металл (магниттік сүзгіден кейін) бөлшектерінің үлестік салмағы, % артық емес	0

### 4.3 РБТ негізіндегі қоспалар мен асфальт-бетонға қойылатын техникалық талаптар

4.3.1 РБТ негізіндегі қоспалар мен асфальт-бетондар осы ұсынымдардың талаптарына сәйкес және белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық құжаттамалар бойынша даярлануы керек.

4.3.2 Қоспалар мен асфальт-бетондардың минералдық бөліктерінің түйіршіктік құрамы ҚР СТ 1225 талаптарының А және Б типтеріне сәйкес келуі керек.

4.3.3. Тұтынуышыға жөнелту кезіндегі қоспаның температурасы РБТ-дың таңбаларына байланысты 3-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес келуі керек.

3 – кесте

Резеңкелі-битумды байланысты қоспалар температурасы, $^{\circ}\text{C}$		тұтқырғыштардың тұтқырғыштардың таңбаларына		
РБТ 40/60	РБТ 60/90	РБТ 90/130	РБТ 130/200	РБТ 200/300
170 - тен 180-ге дейін	170 - тен 180-ге дейін	165 - тен 175-ке дейін	165 - тен 175-ке дейін	150 - ден 170-ке дейін

Қоспалар ҚР СТ 1225 бойынша резеңкелі-битумды қоспалардың минералды бөлік бетіне ілінісуіне сынаудан өтуі керек.

Қоспалар біркелкі болуы керек. Қоспалардың біркелкілігі ҚР СТ 1225 бойынша ыстық асфальт-бетон қоспаларға арналған  $50^{\circ}\text{C}$  температурадағы орнықтылық шегі вариация коэффициентімен бағаланады.

РБТ негізіндегі асфальт-бетонның физика-механикалық қасиеттерінің көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес келуі керек.

#### 4 – кесте

Көрсеткіштер атаулары				РБТ негізіндегі асфальт-бетонның мәні
50°C температурада сығымдалу кезіндегі орнықтылық шегі асфальт-бетонның тығызы	типтері	үшін, МПа,	кем	емес: 1 , 5 1,8
A				
B				
0°C температурада сығымдалу кезіндегі орнықтылық шегі, асфальт-бетонның А, Б	типтері	үшін МПа,	артық емес:	1 3 , 0 4 - 6 , 5
Пішінсіздену жылдамдығы 50 мм/мин 0°C температурада ыдырау кезіндегі орнықтылық шегі бойынша сызаттануға орнықтылығы МПа, асфальт-бетонның А,Б типтері үшін:				
Ысырма орнықтылығы:				
- ішкі үйкелу коэффициенті бойынша, кем емес асфальт-бетонның типтері үшін:	A	0 , 8 9		
B		0,83		
- 50 °C температурада ысыру кезіндегі жабысу бойынша, МПа, кем емес, асфальт-бетонның типтері үшін:	A	0 , 2 6		
B		0 , 3 8		
асфальт-бетондардың суға орнықтылығы, кем емес		0,9		
асфальт-бетонның ұзак уақыт суға қанықтырган кездегі суға орнықтылығы, кем емес		0,8		

4.3.7 РБТ негізіндегі асфальт-бетондарды суға қанықтыру 5-кестеде берілген көрсеткіштерге сәйкес келуі керек.

#### 5 – кесте көлемі бойынша пайызбен алғанда мәні:

РБТ негізіндегі асфальт-бетондардың типі	Суға қанығу, %
коспадардан пішінденген үлгілердің	Дайын жамылғыдан алынған кесінділер мен керндердің, артық емес
A	2,0-5,0
B	1,5-4,0

4.3.8 Асфальт-бетонның А, Б типтері минералды бөлігінің кеуектілігі 19%-дан артық болмауы керек.

#### 4.3.9 Бастапқы материалдарға қойылатын талаптар

4.3.9.1 Қоспа құрамына енетін бастапқы материалдардың (тығыз тау жыныстарынан алынған шағылтас және қырышықтас, табиғи және тау жыныстарын ұсатып елеуден қалған құм, минералды ұнтақ) КР СТ 1225 талаптарына сәйкес келуі керек.

4.3.9.2 РБТ осы ұсынымдардың 4.2-б. талаптарына сәйкес келуі керек.

#### 4.4 РБТ негізіндегі ШШАҚ және ШША-ға қойылатын техникалық талаптар

4.4.1 ШШАҚ осы ұсынымдардың талаптарына сәйкес және белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық құжаттамалар бойынша даярлануы керек. РБТ негізіндегі ШШАҚ-ды дәстүрлі ШШАҚ-ға қарағанда тұрактандыруыш ұстемелерді 1,5-2 есе азайтып, сынау нәтижелерін ескере отырып, даярлауға рұқсат етіледі.

4.4.2 РБТ негізіндегі қоспалар мен шағылтасты-шайырлы асфальт-бетондардың түйіршіктік құрамдары ШША-10, ШША-15, ШША-20 үшін ГОСТ 31015 талаптарына сәйкес келуі керек.

4.4.3 Қоспалар минералды бөліктердің тұтқырғышпен ілінісуіне сынаудан өтуі керек.

4.4.4 Қоспалар тасымалдау және тиесу-түсіру кездерінде қатпарлануға орнықты болуы керек. Қатпарлануға орнықтылығын ГОСТ 31015 В қосымшасына сәйкес салмағы 0,20-дан аспайтын тұтқырғыштың ағу көрсеткіштері бойынша анықтайды. Қоспаның құрамын ірікеу кезінде ағу көрсеткіштері салмағы бойынша 0,07-ден 0,15%-ға дейін болуы ұсынылады.

4.4.5 Қоспалардың температурасы қолданылатын резеңкелі-битумды тұтқырғыштарға байланысты тұтынушыға жөнелту және төсеу кезінде 6-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес келуі керек.

#### 6 – кесте

Таңбасы РБТ	Температурасы, °С	
	Тиесу кезінде	Төсеу кезінде
РБТ 40/60	1 8 0 - н е н 190-та дейін	160-170
РБТ 60/90	1 7 0 - т е н 180-ге дейін	150-160
РБТ 90/130	1 6 5 - т е н 180-ге дейін	145-155

4.4.6 РТБ негізіндегі шағылтасты-шайырлы асфальт-бетондардың ШША-10, ШША-15, ШША-20 физика-механикалық қасиеттері 7-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес келуі керек.

#### 7 – кесте

РБТ негізіндегі ШША мәні	
0,7	50°C температурада сығымдалу кезіндегі орнықтылық шегі, МПа, кем емес
2,5	20°C температурада сығымдалу кезіндегі орнықтылық шегі, МПа, кем емес
3-6,5	Пішінсіздену жылдамдығы 50 мм/мин 0°C температурада ыдырау кезіндегі орнықтылық шегі бойынша сызаттануға орнықтылығы МПа
	Ісірмалары:
0,94	- ішкі үйкелу коэффициенті бойынша, кем емес
0,22	- 50 °C температурада ысыру кезіндегі жабысу бойынша, МПа, кем емес
0,80	Ұзак уақыт суга қанықтырган кездегі суга орнықтылығы, кем емес

#### 4.4.7 Материалдарға қолданылатын талаптар

4.4.7.1 Қоспа құрамына енетін бастапқы материалдардың (тығыз тау жыныстарынан алынған шағылтас және қырышықтас, табиғи және тау жыныстарын ұсатып елеуден қалған құм, минералды ұнтақ) ГОСТ 31015 талаптарына сәйкес келуі керек.

4.4.7.2 РБТ осы ұсынымдардың 4.2-б. талаптарына сәйкес келуі керек.

4.4.7.3 Тұрақтандыруши ұстемелер ретінде ГОСТ 31015 сәйкес целлюлоза талшықтар немесе арнауды түйіршіктер қолданылады.

### 5 РБТ негіздегі асфальт-бетондарды дайындау технологиясының ерекшеліктері

#### 5.1 РБТ дайындау технологиясы

5.1.1 РБТ дайындаға арналған бастапқы битумды таңдау

Сапалы асфальт-бетонды қоспаларға арналған битумды тұтқырғыштарды таңдауды негіздеу кезінде құрылым ауданының климаттық жағдайларын және резенкелі-битумды тұтқырғыштардың осы аймақтағы жұмысқа қабілеттілігін ескеру қажет.

РБТ-дың жұмысқа қабілеттілік интервалын жамылғы температурасының жоғарғы (жазғы) есептік мәнінен төмен болмайтын сақина мен шар бойынша жұмсару температурасымен және жамылғы температурасының төменгі (қысқы) есептік мәнінен жоғары болмайтын Фраас бойынша морттылық температурасымен анықтайды.

Резенке үгінділерін өндірістік битумға қосқан кезде олардың тұтқырлығы және сақина мен шар бойынша жұмсару температурасы жоғарылайды, алайда морттылық температурасы іс жүзінде өзгермейді. Осыны ескере отырып, резенкелі-битумды тұтқырғыштар құрамын таңдау мынадай жүйелілікпен жүзеге асырылуы керек:

а. Асфальт-бетон жамылғылардың есептік төменгі (қысқы) температурасын  $T_{min}$  мына формула бойынша анықтайды:

$$T_{min} = 0.859 T_{b min} + 1.7,$$

мұндағы

$T_{b min}$  – ҚНЕ РК 2.04-01 1/5/ кестесі бойынша анықталған неғұрлым сұық күндердегі ауаның төменгі температурасы.

Айрықша жауапты нысандарды жобалау кезінде есеп жүргізу үшін неғұрлым сұық күндердегі ауаның абсолютті төменгі температурасын алуға болады.

б. Жамылғының есептік жоғарғы температурасын анықтайды

$$T_{max} = (T_{b} - 0.00618 L^2 + 0.2289 L + 42.2) \cdot 0.9545 - 17.78,$$

мұндағы

$T_b$  – ҚНЕ РК 2.04-01 2/5/ кестесі бойынша анықталған жаз мезгіліндегі жетікүндік орташа температурасы.

L – нысан орналасуының градуспен берілген географиялық ендігі.

в.  $T_{min}$  және  $T_{max}$  анықтау нәтижесі бойынша бастапқы битумға тән болатын морттылық пен жұмсарудың талап етілетін температурасын белгілейді. Әдетте, неғұрлым жылы климаттық жағдайлар үшін БНД 60/90, БНД 90/130 және қатты климаттық жағдайлар үшін БНД 130/200 таңбалары қолданылады.

Тұтқырғыш құрамында ең аз деген резенке үгінділерін талап етілетін жұмсару температурасына қатысты анықтайды. Ол үшін битумға 1%-дап резенке үгіндісін қосады. Қоспаны біркелкі массаға айналғанға дейін араластырады (біркелкілігін шыны таяқша арқылы бағалайды). Жұмсару температурасын анықтайды да, ал оның талаптарға сәйкес келуіне (ең жоғарғы есептік температурадан төмен емес) қол жеткізген жағдайда РБТ көрсеткіштерінің бүкіл кешенін анықтайды.

Өндірістік жағдайларда РБТ құрамын дәлдеп түзету қажет, өйткені битумның өндірістік лектері тек нақты көрсеткіштері бойынша ғана емес, таңбаларымен де айрықшаланады. Осыған байланысты өндірісті игеру және РБТ-ды қолданудың бастапқы кезеңдерінде барлық стандарттық көрсеткіштердің деректерін: резенке үгінділердің болуын және бастапқы битумның ине сұғу терендігін жүйелі түрде жинау керек. Бұл көрсеткіштерді кесте немесе сызба түріндегі өндірістік номограммасын құру үшін қолдану керек.

### 5.1.2 РБТ дайындау

РБТ-ды бастапқы құрамдастар мен дайын өнімдерді жіберу және дозалау жүйесі бар арнайы қондырғыда, РБТ-ды сақтауға арналған сыйымдылықта дайындаиды [15],[16],[17],[18]

РБТ дайындау үшін белсенді араластырғы бар қондырғы қолданылуы мүмкін. Бұл тағдайда төменгі уақыт шығындылықиян қызмет атқаратын табдық пайдалану ұсынылады.

РБТ-ды дайындау кезінде асфальт-бетонға арналған бастапқы битумның таңбасына байланысты битумды 140-170  $^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қыздырады да, үлестеп резенке үгінділер қосады. Үзбей араластыра отырып, РБТ-дың таңбасына байланысты қоспаның температурасын 150-190  $^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жеткізеді.

ББЗ заттар қосу қажет болған жағдайда оны дайын РБТ-ға қосады.

### 5.1.3 РБТ-ды сақтау және тасымалдау

РБТ-ды бір жұмыс ауысымында көп дегенде 160  $^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары емес жұмыс температурасында сақтауға рұқсат етіледі.

РБТ-ды қолданатын жерге қыздырғыш құрылғылары бар битумтасығыштармен, автогудронаторлармен, теміржол цистерналармен тасымалдайды.

## 5.2 РБТ-ды қолдана отырып асфальт-бетон қоспалар мен ШШАҚ дайындау

5.2.1 РБТ негізіндегі асфальт-бетон қоспалар мен ШШАҚ құрамын жобалау Автомобиль жолдарын салу және жөндеу бойынша типтік техникалық саралау жинағына (II-бөлім, 804 сар., 4

[8]

б.), ҚР СТ 1225 және ГОСТ 31015-ке сәйкес жалпыға ортақ әдістеме бойынша жүргізіледі. РБТ негізіндегі асфальт-бетон қоспалар мен ШШАҚ дайындаудың технологиялық үдерістеріне мыналар жатады:

- а) резенке-битумды тқтұрыштарды дайындау және оны жұмыс температурасына дейін (140-190 °C) қыздыру;
- б) асфальт-бетон араластырғышқа минералды материалдар (құм мен шағылтас) салу ;
- в) құмды, шағылтысты дозалау;
- г) минералды ұнтақты, РБТ-ды, ШШАҚ дайындағанда целлюлоза үстемелерді (немесе оларсыз) дозалау;
- д) минералды материалдарды кептіру және қажетті температураға дейін (160-200 °C) қыздыру;
- е) РБТ қосылған минералды материалдарды араластыру;
- ж) қоспаның температурасын қосылатын резенке үгінділердің әрбір пайызы үшін 2,5-3,0 °C-қа арттыру;
- з) дайын қоспаны өздігінен түсіретін автомобильге тиесу.

## 6 Асфальт-бетонды қоспалардан жамылғылар төсеу және оның сапасын тексеру ерекшеліктері

6.1 РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспалар мен ШШАҚ қолдана отырып автожол салуды және жөндеуді ҚНЕ 3.06.03, ҚР ЕҮ 218-55 және Автомобиль жолдарын салу және жөндеу бойынша типтік техникалық саралау жинағы талаптарына сәйкес жүргізу қажет [1],[2],[8].

РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспалар мен шағылтасты-шайырлы афальт-бетонды қоспаларды нығыздауыш жұмыс құралдары бар, қабатты ең жоғары ықтимал алдын ала нығыздау мүмкіндігімен қамтамасыз ететін, кең ауқымды асфальт төсеуіштермен төсеу керек. Кең ауқымды немесе ені айтарлықтай асфальт төсеуіштер болмаған жағдайда жамылғыны төсеу екі асфальт төсеуіштердің арасы 15-20 м болатын түйістірілген жолақтары арқылы жүзеге асырылады[6],[7],[8],[9],[16].

6.1.1 Жамылғының жоғарғы қабатын төсеу жазда қоршаған ауа температурасы +5° С-дан төмен болмаған кезде ауа райы құрғақ болғанда жүргізуі керек.

6.1.2 Қоспаны тасымалдау кезінде оның ұатып қалуын болдырmas үшін өздігінен түсіретін көлік шанақтары тез шешілетін жабындылармен жабдықтауы керек.

Асфальт-бетонды қоспаларды ауаның төменгі температураларында жамылғы жаппай тасымалдауға рұқсат етілмейді.

6.1.3 Асфальт-бетонды төсеу және нығыздау Автомобиль жолдарын салу және жөндеу бойынша типтік техникалық саралау жинағы талаптарына (II-бөлім, 804 сар., 5 [8]б.), сәйкес жүргізу қажет. Асфальт-бетонды нығыздау коэффициенті 0,99-дан кем болмауы керек [1],[3]

6.1.4 ШШАС төсеу және нығыздау кезінде мынадай ерекшеліктерді ескеру керек:

- асфальт төсеуіштің таптауыш сырғының жұмыс тәртібі: таптауыш сырғытың жүрісі – 4-5 мм; соққысының жиілігі минутына – 800-1000; тақтадағы тербелісті қосуға тыйым салынады;

- бетінің тегіс болуына қол жеткізу үшін ШШАҚ-ты үздіксіз төсеп отырумен қамтамасыз ету қажет. Минутына 2-3 м жылдамдықта төсеу ұсынылады;

- ШША-нан төселген жамылғыны нығыздау салмағы 8-12 т жұмсақ жаныштайтын тандемді таптауыш легімен жүзеге асырылады. Арадас әрекет ететін және пневмоиналы таптауыштарды қолдануға рұқсат етілмейді;

- таптауыштар орнықты тәртіппен жұмыс істеуі керек. Жаныштауыштағы тербелісті қосуға тыйым салынады. Қоспаны нығыздау кезінде таптауыштар үздіксіз және біркелкі қозғалуы керек. Таппақ табанды таптағыштардың саны асфальт жайналағыштың алымдылығына байланысты сынақтың нығыздау әдісімен анықталды.

6.1.5 РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспаларды нығыздаудың өзіндік ерекшеліктері: нығыздау сәтіндегі олардың температурасы әдеттегі асфальт-бетон қоспаларға белгіленгеннен  $10-20^{\circ}\text{C}$ -ға жоғары болатындығы; қоспаларды төсегеннен кейін жедел нығыздауды және қоспа температурасы  $130^{\circ}\text{C}$ -дан төмен емес болған кезде бастау керек болып табылады.

6.1.6 Дайын жамылғы бойымен қозғалысты төселген қабаттың температурасы  $40^{\circ}\text{C}$ -ға дейін төмендеген кезде ашуға болады.

6.2 РБТ негізіндегі асфальт-бетонды және шағылтасты-шайырлы асфальт-бетонды қоспаларды дайындау және оны жамылғыға төсеу кезінде мыналарды қадағалау керек:

- РБТ-дың біркелкілігін әрбір жаңа топтамасын дайындау кезінде КР СТ 1025 талаптарына сәйкестіне тексеру керек;

- КР СТ 1225 бойынша РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспаларды дайындауға қолданатын бастапқы материалдардың сапасын;

РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспалардың сапасын мына стандарттарда белгіленген әдістермен бақылайды:

шағылтас, құм және минералды ұнтақтар КР СТ 1284, КР СТ 1276, КР СТ 1376, ГОСТ 8736 талаптарына сәйкес келуі және КР СТ 1213, КР СТ 1217 бойынша сыйналуы керек;

әрбір жаңа топтама битумының ҚР СТ 1226, ҚР СТ 1227, ҚР СТ 1374, ҚР СТ 1229, ГОСТ 4333, ГОСТ 18180 әдістемелері бойынша ҚР СТ 1373 талаптарына сәйкестігі бағаланады;

резенке-битумды тұтқырғыштар мен резенке үгінділер осы ұсынымдардың, белгіленген тәртәппен бекітілген ұйым стандарттарының талаптарына сәйкес тексеріледі;

ББЗ-ды жеткізуші-мекеменің құжаттық деректері бойынша тиісті техникалық шарттарды ескере отырып тексереді.

РБТ дайындау үдерісінде оның құрамдастарын дозалау дәлдігі және битумдағы резенке үгінділердің таралу біркелкілігі тексеріледі.

РБТ негізіндегі асфальт-бетонды және шағылтасты-шайырлы асфальт-бетонды қоспаларды біркелкілігін тексеріледі. Олар көзben, сол сияқты ҚР СТ 1225 және ҚР СТ 1218 бойынша  $50^{\circ}\text{C}$  температурада сығымдау кезіндегі орнықтылық шегі көрсеткіштерінің нұсқалық коэффициенті бойынша бағаланады. Көзben бағалау кезінде бірге езілген екі-үш сынамада түйірлер, тұтқырғыштың, минералды ұнтақтардың және тұтқырғышпен жабылмаған минералды материал түйіршіктерінің түйіртіктенуі болмаған жағдайда қоспа біркелкі болып саналады;

- РБТ-дың және минералды материалдардың температурасын, әрбір өздігінен тиетін автомобиль шанағындағы дайын асфальт-бетон қоспаның температурасын;

- ГОСТ 31015 бойынша РБТ негізіндегі ШШАК-ға арналған тұтқырғыштардың ағуын;

- РБТ және қоспаларды дайындау үдерісін;

- қоспаларды төсөу технологиясын, нығыздалуын және РБТ негізіндегі асфальт-бетон мен шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон сапасын;

- битум мен резенке үгінділердің жаңа топтамасын жеткізу кезінде олардың қасиеттерін бағалай және температуралық режімі мен араластыру уақытын дұрыстай отыра, РБТ және оның негізіндегі асфальт-бетонды қоспалардың құрамын дұрыстау керек.

РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспалар мен асфальт-бетондардың және шағылтасты-шайырлы асфальт-бетондардың сапасын тексеру қоспалардың ҚР СТ 1218 және ГОСТ 31015 бойынша ҚР СТ 1225 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоспаларды өндірістік араластырғыш құрылғыларда дайындау кезінде қоспаларды жібере бастағаннан кейін кем дегенде 30 минуттан соң сынамалар іріктеу басталады [1][2]

7000 м

-тағы саны үштен кем емес кесінділер мен керндерді РБТ негізіндегі асфальт-бетоннан төсөлген қабаттар нығыздалған кейін 1-3 тәуліктен соң жамылғы шетінен 1 м-ден кем қылмай ірктең алу керек.

Жол төсемесінің сындарлы қабаттарын нығыздау коэффициенті мына мәндерден төмен болмауы керек:

А және Б типті ыстық қоспалардан алынатын тығыз асфальт-бетондар үшін – 0,99.

Ұлгілердің ГОСТ 31015 талаптарына сәйкес болатын суға қанығу және қалдықтық кеуектілігі ШША-ды нығыздау сапасының өлшемі болып табылады.

## 7 РБТ негізіндегі КБΘ жүргізу және сапасын тексеру ерекшеліктері

7.1 КБΘ жүргізу кезінде ауаның температурасы 15

°

С-дан кем болмауы керек.

7.1.1 Кедір-бұдырылыш беткі өндөу жүргізу кезінде РБТ себуге арналған технологиялық жабдықтардың тиісті температурамен қамтамасыз етіп тұруы үшін жылдам қыздыру жүйесі болуы керек, ал себетін тұтік пен құбыруздіксіз жұмыс істеп тұру үшін қосымша қыздыру жүйесімен жабдықталуы керек жарамды күйде болуы керек

[2],[6],[7]

7.1.2 КБΘ жүргізу бойынша жұмыстар басталар алдында РБТ-ны біркелкі сеуіп шашуын жөнге келтіру керек, төс етекті (қатырма қағаз немесе рувероид) қолдана отырып.

7.1.3 Шағылтас қабатын резенке-битумды тұтқырғыштар бойымен пневмошиналы таптауыштар арқылы нығыздаған дұрыс. Шағылтасты таптауды тұтқырғыш температурасы 130 °C-дан кем болмаған кезде аяқтау керек. КБΘ қабатының ең кіші температуранан төмен температурада тербеліспен нығыздауға және жөндеп тегістеуден кейін тербеліспен нығыздауға рұқсат етілмейді.

7.1.4 Ауа райы күрт өзгерген жағдайда жамылғының терпературалық режимін қадағалау кезінде қосымша таптауыш қолдану мүмкіндігі болу керек.

7.2 Кедір-бұдырылыш бетті өндөуді жүргізу кезінде жұмыс сапасын тексеруді ҚНЕ 3.06.03 және ПР РК 218-55

[1],[2]

бойынша жүргізу керек.

7.2.1 Беткі өндөуді жүргізер алдында тексереді:

жол жамылғысының күй-жайы мен тазалығын (шұңқырлардың, иілімдік пішінсізденудің және жамылғылар бұзылуының болмауын, жамылғының тегістігін);

машиналар мен механизмдердің жұмысқа дайындығын;

ауаның және әрбір гудронатордағы резенке-битумды тұтқырғыштардың температурасын тексеру керек.

#### 7.2.2 Кедір-бұдырылы бетті өңдеуді жүргізу кезінде:

тұтқырғыш шығынын – бір ауысымда бір рет; технологиялық жөнге келтіру кезінде әрбір шағылтас себуші үшін шағылтас шығынын; қабатты нығыздау режімі мен қалыңдығын;

жамылғыға битум құйылғанға дейін және одан кейін өлшенетін ауданы белгілі сыйымдылық орнату арқылы тұтқырғыштың іс жүзіндегі шығынын;

шағылтас себуші қозғалатын жол бойына төгілген тұтқырғыштарға орналастырылатын рубероид бетінен (1x1м) жиналған көлемде өлшеу арқылы шағылтастың іс жүзіндегі шығынын;

шағылтастың РБТ-ға сіңісу деңгейін Виолит аспабымен тексереді [17].

. Сіңімділігін 100%-ға, ал материалдың ауқымы бойынша 95%-ға дейін жеткізу үсінілады.

7.2.3 ҚНЕ 3.06.03 бойынша нысанды 14 тәуліктен кейін пайдалануға қабылдау кезінде жамылғы сапасын қабылдаулық тексеру жүзеге асырылады.

7.2.3.1 ҚНЕ 3.06.03-ке сәйкес нысанды пайдалануға қабылдау кезінде ГОСТ 30413 бойынша ПКРС-2 базалық аспабымен немесе көрсеткіштері базалық аспапқа қатысты басқа да аспаптармен ілінісу коэффициентін бағаланады. Ілінісудің өлшенген коэффициентінің мәні жобада көрсетілген мідерден төмен болмауы керек.

7.2.3.2 ҚНЕ 3.06.03 бойынша нысанды пайдалануға қабылдау кезінде ҚНЕ 3.06.03-ке сәйкес "құмды дақ" ("песчаное пятно") әдісімен кеуектілікке жанамамен бағалауды рұқсат етіледі.

## 8 Қауіпсіздік талаптары

8.1 Резенке-битумды тұтқырғыштарды, РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспаларды, РБТ негізіндегі шағылтасты-шайырлы қоспаларды дайындау кезінде және олардан жол жамылғысын төсеу кезінде ГОСТ 12.1.005, ГОСТ 12.1.007 стандарттарында қарастырылаған техника қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету керек.

Елді мекендердің жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың шектік рауалы концентрациясы 8-кестеде берілген нормативтерден аспауы керек.

#### 8-кесте

Заттардың атауы	Елді мекендердің жұмыс аймағы ауасындағы ӘНҚД, (СанЕН 3.02.036)	Жұмыс аймағы ауасындағы ШРК шамасы,	Класс опасности (ГОСТ 12.1.007)
-----------------	--	-------------------------------------	---------------------------------

	Орташа тәуліктік	Ең жоғарғы бір жолғы	м г / м <sup>3</sup> (ГОСТ 12.1.005)	
Азот қостотығы	0,04	0,085	2	III
Бенз(а)пирен	0,1 мкг/100м <sup>3</sup>	-	0.00015	I
диВанадий пентаксиді (шан)	0,002	-	0.5	II
20%-дан астам кремний қостотығы бар бейорганикалық шан	0,1	0,3	2	III
Күкірт қостотығы	0,05	0,5	0.1	III
Стирол	0,002	0,04	10-ортаса тәуліктік 30-ен жоғарғы	II
Толуол	-	0,6	50	III
Шектік көмертектер (С-ке қайта есептегендеге)	-	1,0	300	IV
Фенол	0,003	0,01	0.3	II

Жұмыс аймағы ауасында зиянды заттардың болуы ГОСТ 12.1.014 бойынша анықталады, зиянды заттардың ШРК-сын тексеру кезенділігі ГОСТ 12.1.005 бойынша – тоқсанына 1 реттен жиі емес.

ГОСТ 12.1.044-ке сәйкес қоспалар жануы қыын заттарға жатады, қоспалардың минералдық бөліктері жанбайтын заттар тобына жатады, органикалық бөліктері (резеңке-битумды тұтқырғыш) ашық отбақырашта тұтану температурасы (220-300) ° С-тан және өздігінен жануы 320 ° С-тан төмен емес жанғыш заттарға жатады.

РБТ-ны және РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспаларды дайындау және қолдану кезінде ГОСТ 12.1.004 бойынша өрттің алдын алу, өртке қарсы қорғаныш талаптарын және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру-техникалық сақтау шараларды сақтау керек.

Қоспалар мен РБТ дайындау құрылғыларынан 50 м радиуста ашық от қолданылатын жұмыстар немесе ұшқын шашатын жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

РБТ-ның аз ғана мөлшері тұтанған кездегі оны сөндіру тәсілдері битумды сөндіру тәсілдерімен бірдей. Оны құммен, киізбен, арнаулы ұнтақтармен немесе ОПУ-5 типті өрт сөндіргішпен сөндіреді. Ұлғайып кеткен өртті химиялық немесе ауа-механикалық көбікпен сөндіреді.

Қоспалар және РБТ-мен жұмыс жүргізілетін панажайлар ГОСТ 12.4.021-ге сәйкес сору-шығару және жалпы алмасу желдеткіштермен жабдықталуы керек.

Қоспалар және РБТ дайындалатын өндірістік панажайлар

ҚР СТ ГОСТ Ұ 12.4.026 талаптарына сәйкес қауіпсіздік белгілерімен және дабылдық түстермен жабдықталуы керек.

РБТ өндірген кезде шығатын булардың теріні және көздің шырышты қабығын тітіркендіретін қасиеті болады. Жаңып жатқан тұтқырғыштың үшқындары күйдіріп тастауы мүмкін. РБТ теріге тамып кеткен кезде оны жедел түрде сұық су ағынына ұстап салқыннату керек, сосын РБТ-ды жақпамаймен немесе сол тәріздес креммен алғып тастайды да, күйіп қалған кездегідей көмек көрсетеді.

8.2 Жол жұмыстарын орындауға тек МАИ органдарының рұқсатын алғаннан кейін және жұмыс орнын барлық қажетті уақытша жол белгілері мен қоршауларымен толықтай жабдықталған кезде ғана рұқсат беріледі.

8.2.1 Жол белгілері (жылжымалы кедергілер), жол қоршаулары, дабылдық шамдар қолданыстағы стандарттарға сәйкес келуі керек және жарамды күйде ұсталуы керек.

8.2.2 Сепкіштерге шағылтас тиеу кезінде өздігінен тұсіретін автомобиль қабырғасына жақын тұруға және өздігінен тұсіретін машинаның шанағына қөтерілуге тыйым салынады. Қалған шағылтасты жерде тұрып арнаулы қырғыштардың және сабы ұзын күректердің көмегімен тиеу керек.

8.2.3 Еңіс жерлерде жұмыс істеген кезде тарқыштың сырғып кетуіне және аударылып қалуына жол бермес үшін шағылтас сепкішті қосымша тартқыштармен жалғап тұратын иілімді арқан қолдана отырып, шағылтас сепкіш дөңгелектерінің тежелуін қарастырған жөн.

8.2.4 Қолданылатын таптауыштар жарамды күйде болуы керек. Дыбыстық дабылы жарамсыз болған кезде жұмыс істеуге тыйым салынады.

8.2.5 Қозғалтқыштары жұмыс істеп тұрған машиналар мен механизмдерді қараусыз қалдыруға және оларға техникалық қызмет көрсетуге тыйым салынады. Машиналар қозғалтқышы сөндірілген кезде сенімді түрде тежелуі керек.

8.2.6 Жазатайым жағдайларға душар болған адамдарға тез арада алғашқы жедел жәрдем көрсетілуі керек.

8.2.7 Алғашқы жәрдем көрсетумен қатар шұғыл түрде жедел жәрдем шақырып, дәрігерлік көмек көрсету үшін закымданған адамды қосшының көмегімен ауруханаға жеткізу керек.

8.2.8 Қозғалыс ашылар алдында беткі өндеу жүргізілген телімнен 160-200м жерге "Киыршықтас үшқындары және жылдамдыққа шек қою" белгісі қойылады, оны беттің қалыптасуы мен сіңіспеген шағылтастан тазарту мерзімі беткеннен кейін алғып тастайды.

8.3 РБТ және РБТ негізіндегі асфальт-бетон және шағылтасты-шайырлы қоспалар өндіру жұмыстарымен, сол сияқты автожол құрылышымен айналысатын адамдар белгіленген тәртіpte бекітілген салалық нормаларға сәйкес жұмысшыларды зиянды өндірістік факторлардан қорғауға мүмкіндік беретін жеке қорғаныш құралдарымен: ГОСТ 12.4.111 және ГОСТ 12.4.112 бойынша костюмдермен, ГОСТ 12.4.137 бойынша

аяқкиіммен, ГОСТ 12.4.010 бойынша қолғаппен, ГОСТ 12.4.013 бойынша қорғаныш көзілдіріктерімен және ГОСТ 12.4.034 бойынша сұзгілі ауасорғымен қамтамасыз етілуі керек.

8.3.1 Қызмет көрсетуші адамдар типтік нормаларға сәйкес санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етілуі керек. Жеке гигиенаға арнаулы талаптар қойылмайды.

8.3.2 РБТ, қоспалар дайындаудың және қоспалар төсейтін және кедір-бұдыр беткі өндөу жұмыстарымен айналысадын барлық адамдар белгіленген тәртіппен жұмысқа кірер алдында алдын ала және кезеңдік медициналық тексерістерден өтуі керек.

## 9 Қоршаған ортаны қорғауға қойыллатын талаптар

9.1 Асфальт-бетонды қоспалар мен РБТ-ды дайындау және қолдану кезінде ГОСТ 17.1.3.05, ГОСТ 17.2.3.01, ГОСТ 17.2.3.02, ГОСТ 17.4.3.04, /10,11,12,13/ стандарттарында қарастырылған қоршаған ортаны қорғау шараларын басшылықта алу керек.

9.2 РБТ негізіндегі қоспалар мен асфальт-бетондарға, шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон қоспаларға және РБТ негізіндегі шағылтасты-шайырлы асфальт-бетондарға қолданылатын мұнай шикізаттары мен минералдар құрамындағы табиғи радионуклидтердің салыстырмалы түрде тиімді жиынтық белсенелілігі 9-кестеде көрсетілген мәндерден аспауы керек.

9-кесте

Материалдардың радиациялық қауіптілік класы	Салыстырмалы түрде тиімді (А эфф ), Бк/кг, артық емес	Колданылу саласы
II	740	Елді мекендер мен болашактағы құрылым аймақтары шегінде жол және аэроаландар салу
III	1500	Елді мекендер мен болашактағы құрылым аймақтарынан тыс жерлерде жол салу

9.3 Технологиялық жабдықтарды тұмшалау және төгілудің алдын алу шараларын жүзеге асыру қоршаған ортаны қорғаудың тиімді әдісі болып табылады. Төгіліп қалған заттарды міндепті түрде құммен жауып, арнайы бөлінген жерлерге шығарып тастау керек.

Резенке-битумды тұтқыргыш өндіруден қалған қалдықтарды (тотығу газдары) аныы пештерге жағып заласыздандырады.

9.4 Қоспалар мен РБТ дайындауға арналған құрылғылар қалдық шығарудың белгіленген шектік рауалы нормативін қамтамасыз ететін шаңтазартқыш жүйесімен қамтамасыз етілуі керек

[10],[11],[14]

9.5 Шаңтазартқыш құрылғылар болмаған жағдайда немесе дұрыс жұмыс істемеген кезде тезнологиялық құралды іске қосуға тыйым салынады

9.6 Технологиялық ережелерді, өндірістік тәртіпті сақтау қоршаған ортанды неғұрлым аз ластаудың негізгі шарты болып табылады.

9.7 Инерttік құрамды материалдарды арнайы жабдықталған трассаға жақын аймақтарда уақытша сақтауға рұқсат етіледі.

## **10 Дайындаушы кепілдігі**

Дайындаушы сақтау және тасымалдау шарттары сақталған кезде резенке-битумды тұтқырғыштар мен олардың негізіндегі асфальт-бетонды қоспалардың, шағылтасты-шайырлы қоспалардың ҚР СТ 1225, ГОСТ 31015 талаптарына сәйкес келетіндігіне кепілдік беруі керек.

### **А қосымшасы (ұсынылатын)**

#### **Резенкелі-битумды тұтқырғыштарды қолдану ұсынылатын салалар**

Қолданылу саласы	Марка РБТ
РБТ негізіндегі асфальт-бетонды қоспалар	РБТ 40/60, РБТ 60/90, РБТ 90/130
Шағылтасты-шайырлы асфальт-бетон	5 РБТ 40/60, РБТ 60/90, РБТ 90/130
Кедер-бұдырылды беткі өндеуді төсеу	РБТ 60/90, РБТ 90/130

### **Б қосымшасы (анықтамалық)**

#### **Библиография**

1 ҚНЕ 3.06-03-1985 Автомобиль жолдары.

2 ҚР ЕҮ 218-55-2006 Автомобиль жолдарында беткі өндеуді төсеу бойынша нұсқаулық.

3 ҚР ЕҮ 218-35-04 Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыс сапасын тексеру және қабылдау бойынша нұсқаулық.

4 ҚР ЕҮ 218-29-03 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп ұстаудың техникалық ережелері.

5 ҚР ҚНЕ 2.04-01-2001 "Күріліс климатологиясы".

6 Автомобиль жолдары жамылғысын төсеу және жөндеуге арналған битумды-резенкелі композициялық тұтқырғыш материалдарды қолдану бойынша ұсынымдар, Минтранс России, М, 2003.

7 ТШ 5718-004-05204776-01 БИТРЭК Резенке-битумды композициялық материал. Техникалық шарттар. М.: ГП "РосдорНИИ", 2003. -14 б.

8 Автомобиль жолдарын салу және жөндеу бойынша типтік техникалық сараптаулар жинағы. Автомобиль жолдарын салу бойынша типтік техникалық сараптаулар, II бөлім , Астана, 2004.

9 Шағылтасты-шайырлы асфальт-бетоннан тұратын жол жамылғысының жоғарғы қабаттарын төсөу бойынша әдістемелік ұсынымдар. М.: ФГУП "СоюздорНИИ", 2002.

10 ҚР ЕҮ 218-11-97 Автомобиль жолдарын салу және пайдалану кезінде еңбекті қорғау жөніндегі ережелер. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі.

11 Жұмыс аймағының шектік рауалы концентрациясы және нысаналы ӘНҚД (03.12.2004 ж.) №841 бұйрық. Жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың шектік рауалы концентрациясы (ШРК) (1.02.011.94 ж. ШРК тізімдемесіне қосымша).

12 Сан ЕН 1.02.001.97 Жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың шектік рауалы концентрациясы (ШРК) (1.02.011.94 ж. ШРК тізімдемесіне қосымша).

13 ҚР ЕҮ 218-21-02 Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулық. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі.

14 Сан ЕН Атмосфералық ауаны қорғауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар (18.08.2004 ж. №629 бұйрық).

15 Кисина А.И., Симаковский А.М. "Опыт применения гидроизоляционных материалов на основе этилен-пропиленовых каучуков", Л.: 1974, 28 с.

16 Кисина А.М. "Полимер қалдықтарын суоқшаулау материалдарына қолдану", Л.: 1989, Л.О., 25-б.

17 Камин Ю.И., Свирилова Н.И. "Асфальт-бетонды қоспалардың қасиеттерін синтетикалық каучук ұстемелерімен жақсарту", Башкирия жолдары, 2003ж. Мамандандырылған конференция материалдары. Уфа. 11 қазан, 2003ж.

18 Жол құрылышында кешенді органикалық тұтқығыштарды, оның ішінде СБҚ типті блоксополимер негізідегі ББЗ-ды қолдану бойынша нұсқау, М., ФГУП "СоюздорНИИ", 2002.

---

ӘӨС 625.853.3:006.354 СМШ 93.080.20 КПВЭД 26.82.13

**Тірек сөздер:** резенке үгінді, РБТ негізіндегі асфальт-бетон қоспалар, резенке-битумды тұтқырғыштар, ысыруға орнықтылығы, жарықшаққа орнықтылығы

---

Орындаушылар

Әзірлеме

АО "ҚазжолҒЗИ" вице-президенті, т.ғ.к.

Жол-құрылыш материалдары бөлімінің бастығы

Жеке қолтаңбасы

жетекшісі:

Аты- жөні

Каганович Е.В.

Измайлова Г.Г.

Жауапты  
Ағағылыми қызметкер  
Орындаушы:  
Жетекші инженер  
Инженер

орындаушы:

Назаренко Г.В.  
Лобанова Т.И.  
Есбергенов Т.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК